


# Презентация на тему Музей имени «Бухар Жырау»

Подготовил Ученик 9 «б» класса  
Баланюк Егор





**Қалқаманұлы Бұқар Жырау (1668—1781) — қазақтың ұлы жырауы, 18 ғ. жоңғар басқыншыларына қарсы қазақтың азаттық соғысын бастаушысы әрі ұйымдастырушысы атақты абылай ханның ақылшысы. шыққан тегі арғын тайпасының қаржас руынан. заманындағы сыншылар оны «көмекей әулие» деген. сөйлегенде көмекейі бүлкілдеп, аузынан тек өлең сөз төгіледі екен. сырдария облысы қазалы уезі көшербай болысының 6 шы ауыл. "қарақ" деген жер**

**Виктор Гаврилович орыс оқырмандарына қазақ поэзиясы мен прозасының жаршысы болып келеді. Ол қазақ әдебиеті классиктері мен жергілікті ақындардың шығармаларын аударады.**

**В. Семерьяновтің журналист кадрлар даярлаудағы зор үлесі жөнінде «Звезда Прииртышья» облыстық газетінің редакторы Юрий Поминов айтып берді. Тәжірибелі журналист отыз жылдан астам уақыттың ішінде көптеген жас кадрларды тәрбиеледі, олардың көпшілігі ТМД елдерінде ойдағыдай еңбек етіп жүр.**





**«Ақынның «Қаздар қайтқанда», «Жасыбай батыр туралы аңыз» және «Мәшһүр шыңы» атты поэзия жинақтары оқырмандар мен сыншылардың жоғары бағасын алды, - дейді мұражай директоры Роза Игібаева. - Ол композитор Игорь Булановпен шығармашылық бірлікте ондаған өлеңнің сөзін жазды, олар фестивальдар мен мерекелерде орындалып жүр, компакт-дискілерге түсірілді».**  
**Виктор Гаврилович орыс оқырмандарына қазақ поэзиясы мен прозасының жаршысы болып келеді. Ол қазақ әдебиеті классиктері мен жергілікті ақындардың шығармаларын аударды.**  
**В.Семерьяновтің журналист кадрлар даярлаудағы зор үлесі жөнінде «Звезда Прииртышья» облыстық газетінің редакторы Юрий Поминов айтып берді. Тәжірибелі журналист отыз жылдан астам уақыттың ішінде көптеген жас кадрларды тәрбиеледі, олардың көпшілігі ТМД елдерінде ойдағыдай еңбек етіп жүр.**



- Бұқар жырау атындағы облыстық әдебиет және өнер музейінің негізі 1990 жылдың 1 ақпанында қаланып, 1992 жылғы 22 наурызда салтанатты түрде ашылды.

Қазіргі кезде музейде 47 мыңнан астам экспонат бар. Оның ішінде 13 071 жуығы түпнұсқа болып есептеледі.

Музей қорына көптеген бағалы жәдігерлер жинақталған. Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Жүсіпбек Аймауытов, Иса Байзақов, Всеволод Иванов, Антон Сорокин, Қошке Кемеңгеров, Қадыр Тайшықов, Дихан Әбілев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Зейін Шашкин, Қалижан Бекхожин, Әлкей Марғұлан, Рамазан Тоқтаров, Аманжол Шәмкенов, Қалмұқан Исабаев, Мұбарак Жаманбалинов, Сәбит Дөнентаев т.б. ақын - жазушылардың, Жаяу Муса, Естай Беркімбаев, Майра Шамсутдинова, Жұмат Шанин, Қамар Қасымов, Шәкен Айманов, Кәукен Кенжетаев, Қуат Әбусейітов, Суат Әбусейітов, Қали Байжанов т.б. өнер адамдарының жеке заттары, жәдігерлері, қолжазбалары, өздері жасаған заттар музейдің баға жетпес құнды қазыналары. Музей қызметкерлерінің ыждаһатты зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Қошке Кемеңгеров, Қадыр Тайшықов, Мұхтар Саматов, Жүсіпбек Аймауытов сияқты қуғын - сүргінге ұшыраған ақын-жазушылардың өмірлерінен соны деректер, бағалы құжаттар табылды.

Экспонаты мол, әрі әсерлі бұрыштарының бірі Всеволод Ивановтың кабинеті. Мұнда жазушының жеке заттары, кітап шкафы, жазу үстелі, орындығы, бес үзбелі қоршау-шымылдық т.б. бар.

Шәкен Аймановтың апатқа ұшырағанда үстінде болған тоны, Иса Байзақовтың ауруханада жатқанда ұстаған шәйнегі, Жүсіпбек Аймауытовтың өз қолымен жасаған қағаз кесетін ағаш пышағы т.б. заттары, Қамар Қасымовтың Нұтфолла Шәкеновке жасап берген домбырасы, белгілі аспапкер Тоқбай Жұмағұловтың балалайкасы музейге келушілердің көзіне ыстық көрінетін, жүрекке ерекше әсер ететін мейлінше құнды жәдігерлер.

Музейдің орналасқан үйі ескі сәулет бойынша 1897 жылы салынған, айшықты оюлармен көмкерілген мейлінше көрікті ағаш үй. Оның іші шамамен бес жүз шаршы метрдей. Осыдан 267 шаршы экспозицияға пайдаланылуда.

Музей қызметкерлері насихат жұмыстарын мемлекеттік тілде жүргізеді. Барлық ғылыми қызметкерлер екі тілде бірдей дәріс оқып, экскурсияларды да екі тілде қатар өткізуде. Сонымен қатар, дарынды ақын-жазушыларымызды, өнер қайраткерлерін бұқараға кеңінен насихаттау мақсатымен олар туралы мерзімді баспасөзде танымдық мақалалар жазу, теле-радиохабарлар беру жүйелі түрде атқарылып келеді.

**Бұқар жырау атындағы әдебиет пен өнер мұражайында павлодарлық танымал ақын, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі Виктор Семерьяновтың шығамашылығына арналған экспозиция ашылды. Мұнда Павлодарда жарты ғасырдан астам уақыт бойы тұратын әдебиетшінің марапаттары, фотосуреттері, кітаптары қойылған.**



«Күллі әлемді жаратқан»

«Құбылып тұрған бәйшешек»

«Он сегіз мың ғаламды жаратқан»

«Керей, қайда барасың»

«Әлемді түгел көрсе де»

«Ай, заман-ай, заман-ай»

«Абылай ханның қасында»

«Айналасын жер тұтқан»

- Бұқар жырау атындағы мұражайда павлодарлық танымал ақынға арналған экспозиция ашылды
- ПАВЛОДАР. Ақпанның 20-сы. ҚазАқпарат /Вера Ливинцова/ - Бұқар жырау атындағы әдебиет пен өнер мұражайында павлодарлық танымал ақынн, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі Виктор Семерьяновтың шығамашылығына арналған экспозиция ашылды. Мұнда Павлодарда жарты ғасырдан астам уақыт бойы тұратын әдебиетшінің марапаттары, фотосуреттері, кітаптары қойылған.
- «Ақынның «Қаздар қайтқанда», «Жасыбай батыр туралы аңыз» және «Мәшһүр шыңы» атты поэзия жинақтары оқырмандар мен сыншылардың жоғары бағасын алды, - дейді мұражай директоры Роза Игібаева. - Ол композитор Игорь Булановпен шығармашылық бірлікте ондаған өлеңнің сөзін жазды, олар фестивальдар мен мерекелерде орындалып жүр, компакт-дискілерге түсірілді».



***Болды..***